

## Хромтау аудандық мәслихатының кейбір шешімдерінің күші жойылды деп тану туралы

Ақтөбе облысы Хромтау аудандық мәслихатының 2016 жылғы 08 маусымдағы № 30 шешімі

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 7 бабына және Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі № 480-V "Құқықтық актілер туралы" Заңының 44 бабының 2 тармағына сәйкес, Хромтау аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Хромтау аудандық мәслихатының мынадай шешімдерінің күші жойылды деп танылсын:

1) Хромтау аудандық мәслихатының 2014 жылғы 24 ақпандағы № 161 "Хромтау аудандық мәслихатының Регламентін бекіту туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3830 тіркелген, 2014 жылдың 3 сәуірінде аудандық "Хромтау" газетінде жарияланған) шешімі;

2) Хромтау аудандық мәслихатының 2016 жылғы 18 ақпандағы № 322 "Хромтау аудандық мәслихатының аппараты" мемлекеттік мекемесінің Ережесін бекіту туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4796 тіркелген, 2016 жылдың 7 сәуірде аудандық "Хромтау" газетінде жарияланған) шешімі.

2. Осы шешім қабылданған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Аудандық мәслихаттың  
сессия төрағасы  
А.Бекбауов*

*Аудандық мәслихаттың  
хатшысы  
Д.Молдашев*